



Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

КЕЛІСІЛДІ  
Қарағанды облысы ББД  
оқу-әдістемелік орталығы  
директорының орынбасары  
 Б. Абдикерова  
« 31 »  2017 ж

БЕКІТЕМІН  
Қарағанды облысы ББД  
оқу-әдістемелік  
орталығының директоры  
 Е. Қожахметова  
« 31 »  2017 ж.



**«ОҚУ ШАТТЫҒЫ»  
ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ**

## Өзектілігі:

Қазіргі мектеп алдындағы қойылған мақсат функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, бірінші кезекте ол, ең алдымен, әр түрлі сабақ беру барысында оқытудағы сауаттылығын, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын мақсатты түрде қалыптастыруына мүмкіндікті қамтамасыз ету керек.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру – мектептегі білім берудегі өзекті міндеттерінің бірі. Оқу біліктілігі (сауаттылықты) PISA зерттеулері бойынша әр түрлі тұрғыдағы мәтіндерді айту арқылы қабылдай алу қабілетін, оған пікірін білдіру, мақсаттылығын айқындау, ресми құрылымын түсіну, оларды өмірлік жағдайда кең пайдалана алу, пәнге сәйкес түрлі мақсаттар үшін пайдалану жағдайында қойылған мақсатқа сәйкес мәтіннен қажетті ақпаратты бөліп алу. Осы зерттеудің тұжырымдамасына сәйкес оқу сауаттылығы (немесе біліктілігі) өзіндік оқу үшін және қазіргі ақпараттық өркениет өміріне толығымен араласу үшін базалық қабілеттілігі болып табылады.

PISA нәтижелерінің айғағы ретінде қазақстандық мектеп оқушылары өзінің құрбыларынан мәтінмен жұмыс істеу шеберлігі жағынан артта екен. Оқу білігі мен дағдысының қалыптасу деңгейінің төмен екендігін көрсетті. (2009 жылы қатысушы 65 елден 59 орында, 2012 жылы 62 орында). Қазақстандық мектеп оқушыларының үлесіне қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға әзір қазақстандық оқушылардың үлесі - оқу сауаттылығын зерттеуге қатысушылар санының 5%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 28,6%).

PISA зерттеуінің тұжырымдамалық негізінде орындалған тапсырмалар нәтижесі оқушының мәтінмен жұмыс жасау барысында кездесетін кемшіліктерін айқындауға себебін тигізді:

- әр түрлі ақпараттармен өздігімен жұмыс істей алмауы;
- мәселені тұжырымдай алмауы;
- өзіндік ойын білдіруде қысқа және дәйекті мазмұндауда кедергілерге ұшырауы;
- өзіндік ойын қысқа да жүйелі жеткізе алмауы;
- әр түрлі оқу түрлерінің қалыптаспағаны;
- әр түрлі мәтін түрлерімен жұмыс жасау тәжірибесі мен дағдысының жоқтығы: тұрмыстық, ғылыми-көпшілік, публистикалық.

Бүгін де қазіргі балалар әдебиетінің жүйесі өзгерген. Аса сұранысқа ие: шытырман оқиғалар, әзіл-оспақтар, қиял-ғажайыптар, сықақ, қорқынышты оқиғалар, балалар детективі, күлдіргі және махаббат жайлы. Сондай-ақ, балалар ертегілер, саяхат, спорт, компьютер, құрбылары туралы кітаптарды, жеткіншектер кәсіп, техника, тарих, соғыс, ғарыш әлемі туралы оқығанды ұнатады. Ал өлең-жыр және классикалық шығармаларды оқитындар саусақпен санарлық.

Балалар оқу әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқуға деген ынталары балалардың есеюіне байланысты төмендейді. Кітап оқуға деген құлшылықтарының төмендеп кету себептері:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары ықпалының артуы (теледидар, интернет);
2. Қоғамдық өмірдің күрт өзгеруі (жағдайы төмен отбасылар санының өсуі);
3. Ересектердің балалармен біріге оқу әрекет ұстанымының өзгеруі;
4. Оқу дағдысын мақсатты түрде қалыптастыру жүйесінің жоқтығы.

Бүгінгі саяси-мәдени және білімнің жалпы ұлттық міндеті оқуға тарту, мәдени жеке құндылық ретінде оқу сұранысын арттыру, оқуға деген қызығушылықты ояту.

### **Жобаның болжамы:**

Мақсатты жұмыс жасау оқырман біліктілігінің дамуы мен қалыптасуына, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушының пән бойынша білімінің терең әрі сапалы болуына, оқу техникасының жоғарылауына мүрсат береді, жоғары нәтижеге ұмтылуын қалыптастырады, тұлғаның туа біткен қабілеттерінің ашылуына септігін тигізеді.

### **Жобаның мақсаты мен міндеттері.**

**Жобаның мақсаты:** балалар оқуының бағдарламасын әзірлеуді қолдау, оқуға қызығушылығын дамытуды бағдарлау, төменгі сынып оқушыларының оқу сауаттылығы нәтижесін мәдени оқу дәрежесіне көтеру.

### **Міндеттері:**

1. Оқырманның қызығушылығын және мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын жетілдіруде қазіргі тәсілді зерттеп білу.
2. Төменгі сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және олардың оқырман қызығушылығын арттыру үшін оқыту тәсілінің тиімді әдістерін, түрлерін, бағытын таңдап алу.
3. Бастауыш сыныпта балалар оқуын дамыту және қолдау бағдарламаларын әзірлеу.
4. Бағдарламаның жүзеге асуына әрекет жоспарын белгілеу.

### **Жобадан күтілетін нәтижелер:**

1. Бастауыш мектепте балалар оқуын дамыту және қолдауға әзірленген бағдарламалар.
2. Төменгі сынып оқушыларының оқу сауаттылығын және оқырман қызығушылығын дамыту бағыттары мен белсенді оқыту әдістері мен тәсілдері мазмұнында жазылған «Педагог қоржынын» құру.
3. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда әр түрлі нұсқадағы құрастырылған бағдарламалар курстары.
4. Мониторингі бойынша жасалған жұмыстың нәтижелілігін бақылауға жасалған бағдарлама.
5. «Балалар оқуының Қазақстандық картасы» жобасы аясында өздігінен оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімін толықтыру.

**Жобаны жүзеге асыру мерзімі:** 2017 - 2020 оқу жылы.

**1-кезең - дайындық кезеңі.** Жобаны жүзеге асыру жағдайының бағасы. Жоба бағасының өлшемін жасау.

**Кезеңнің міндеттері:**

1. Жобаны жүзеге асыру жұмыс жоспарын құру.
2. Жобаның іске асуының нәтижелігінің көрсеткіші мен өлшемін анықтау.
3. Төменгі сынып оқушыларының оқуын дамытудың бағдарламасын әзірлеу.
4. Диагностикалық өлшеу құралдарын әзірлеу және іріктеу.
5. Төменгі сынып оқушыларының оқу қабілеттілігінің диагностикасы. Оқырманның қажеттілігін анықтау.
6. Диагностика қорытындысы негізінде туындаған мәселелерді анықтау.
7. Оқырманның сауаттылығын дамытуға бағытталған оқу әдістемесінің тиімді нәтижелерін іріктеу.
8. Әдістемелік нұсқау әзірлемесі бойынша шығармашылық топ құру.

**2-кезең. Қалыптастыру.** Жобаны іске асыру.

**Кезең міндеттері:**

1. Қатысушы мектепті анықтау.
2. Жобаны енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.
3. Жобаға қатысушыларға семинарлар өткізу.
4. Жобаға қатысушы мұғалімдердің пікір алмасуын ұйымдастыру (өзара сабаққа қатысу, бірін-бірі оқыту).

**3-кезең – жалпылама.** Жобаның іске асыру нәтижесінің сандық және сапалық қорытындысы.

**Кезең тапсырмалары:**

1. Қол жеткізген нәтижелердің диагностикасы және талдауы.
2. Оқырман біліктілігі бойынша қоғам желісін құру.
3. Мұғалімдерді тақырып бойынша біріктіру.
4. Әр аймақ бойынша педагогтердің жобаны қорғауы.
5. Балалардың жоба қорғауы.
6. Оқу құзыреттілігін қалыптастыру бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік жетекшілікті немесе әдістемелік нұсқаулықты әзірлеу.
7. Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар жинағын әзірлеу.

**Қазақстандағы төменгі сынып оқушыларының оқу құзіреттілігін қалыптастырудағы жұмыс түрі мен мазмұн.**

Оқу құзіреттілігін қалыптастыруда бастапқы кезең маңызды қызмет атқарады. Мектепке дейінгі кезең және төменгі сынып оқушыларын әдебиетке тарту керек. Оның кітапқа қызығушылығын қалыптастыру қажет. Дәл осы жаста балалардың кітапқа деген көзқарасының белсенділігі немесе селқостығы, оқырмандық шеберлігі мен дағдылары қалыптасу мәселесі шешіледі.

Балалар оқуын дамытудың басты мақсаты – ойлы оқырман тәрбиелеу, оқырманның талғамын дамыту, мәтінді түсіне және зерделей білуге үйрету. Мектеп оқушысының оқу сауаттылығын дамыту жүйесіне:

- әдеби оқу сабақтары;
- сыныптан тыс сабақтар;
- кітапханашымен біріккен жұмыс;
- қосымша білім;
- ата-анамен біріккен жұмыс кіреді.

Мұғалімнің бағыттарының бірі төменгі сынып оқушыларының оқу сауаттылығын және оқуға деген қызығушылығын дамытуға жағдай жасау, мысалы:

- сабақта және сабақтан тыс уақытта оқуға деген әр түрлі қажеттілікті дамытуға түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- сахналық қойылым сабақтары, шығармашылық сайыстар, әдебиетке қатысты түрлі ойындар арқылы оқу сауаттылығын дамыту;
- балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын ынталандыру.

Елбасы Н.А.Назарбаев мектептегі әдебиетті оқыту түрі мен мазмұнын қайта қарауды ескертті. Қазақ және орыс әдебиеттеріндегі оқу бағдарламасына функционалдық сауаттылықты қалыптастыруына байланысты өзгерістер енгізілді.

Осыған орай Қазақстан Республикасы президент әкімшілігі 2013 жылдың 1 тамызындағы «Қазақстандағы орта мектептегі әдебиетті оқыту туралы» № 3122 жазба хатта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаменті тапсырмасына сәйкес айтылған. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Балалар оқуының Қазақстан картасы» жобасымен жұмыс істеуде.

**Жобаның мақсаты:** қазіргі мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және жетілдіру оның рухани-адамгершілік және зерделі, зиялы болуының кепілі болуы шарты ретінде «Балалар оқуының Қазақстан картасы» шығармалардың қазақ, орыс және шетел әдебиеттерін үш тілде оқыту арқылы көптілділікті дамыту мақсатын қамтиды.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығарманы таңдауда келесі өлшемдер ескеріледі:

1. классикалық әдебиетке қатыстылығы;
2. шығарманың өзектілігі;
3. дамытуға бағыттау;
  - а) оқушының адамгершілік және отансүйгіштік сезімі;
  - б) азаматтық және патриоттық сезімі;
  - в) оқу дағдысы
4. әр түрлі жанрлық;
5. мектеп оқушыларының жас ерекшелігін есепке алу;
6. оқырман қызығушылығы және қолжетімділігі;
7. әдебиет пәні бойынша міндетті бағдарламада жоқтығы (немесе алға кетуі);

Оқу уәжділігін мектепке дейінгі жастан бастап көркем әдебиет тізімін білім деңгейіне қарай өз бетінше міндетті оқу үшін дамыта бастау керек (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім).

Мектеп қабырғасында осы ұсынылған көркем әдебиет тізімінен кем дегенде 200 дереккөзден таңдау бойынша оқу қажет.

Жобаның аясында оқуға деген уәжділікті көтеру мақсатында мынадай келесі мерекелер өткізілуі ұсынылады:

- Акция: «Бәрін таста да, оқуда баста!»
- «Әңгімелесу уақыты»
- «Кітап апталығы»
- «Менің отбасымның сүйікті кітабы»
- «Біздің мектептің электрондық кітапханасы»

**Бастауыш сыныпта балалар оқуын дамыту және қолдау бағдарламасы «Оқу шаттығы!»**

«Балалар оқуының Қазақстан картасы», «Оқу шаттығы» жобасын жүзеге асыру аясында біз бастауыш мектептегі балалар оқуын дамыту және қолдау «Оқу шаттығы» бағдарламасына әзірлемелер ұсынамыз.

**Бағдарламаның мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларының оқырман қызығушылығы мен оқу сауаттылығы дамыту, сондай-ақ мәдени және ақпарат біліктілігін көтеру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- Ақпараттық ортада оқудың алға басуы үшін балаларға қолжетімді, пайдалы және қажетті әдебиеттер табу жағдайын жасауды қалыптастыру.
- Кітап мәдениеті, оқу құндылығы туралы пікірді қалыптастыру.
- Кітап оқитын, әдебиетті танитын, кітапханаға баратын адамның жағымды жақтарын құру.
- Аз оқитын немесе мүлде оқымайтын балаларды белсенді оқуға тарту.
- Саналы оқу дағдысын дамыту.

**Жұмыстың бағыттары:**

- Төменгі сынып оқушыларының оқырмандығын дамыту.
- Балаларды оқуға ұйымдастыру мәселесін ата-аналармен бірігіп шешу, олардың балалармен бірге кітап оқуына тарту.
- Білім жүйесіне барлық қатысушыларды «оқырмандар аумағына қатысуын» кеңейту.
- Әлеуметтік серіктестікті дамыту.

**Жұмыс әдістері мен түрлері:**

Бастауыш мектепте «Оқу шаттығы» жобасын қолдау және дамыту бағдарламасы балалардың оқырмандық қабілетін дамыту жолындағы түрлі тәсілдер мен әдістер қолдану барысындағы өзара байланысты бірнеше жобадан тұрады:


- оқығанын байыптауды дамыту сабақтары;

- балалар оқуын дәріптеу акциялары;
- сыныптан тыс іс-шаралар;
- шығармашылық, зерттеу жобалары;
- оқу портфолиясы;
- оқу мәселесіне арналған ата-аналар жиналысы мен дәрістер ұйымдастыру;
- оқырман қызығушылығын дамыту бойынша шағын жобалар.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Төменгі сынып оқушыларының оқырман сауаттылығын, мәдени оқу және оқырман қызығушылығының деңгейін көтеру.
- Оқырман белсенділігін арттыру.
- Балалар оқуын қолдау және дәріптеу жайында мектеп оқушыларының қоғамын құру (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар).

## ЖОБА ҚҰРЫЛЫМЫ





## **Бағдарлама әрекетінің басым бағыттары**

### **1. Төменгі сынып оқушыларының оқу әрекетін дамыту.**

Бастауыш сынып оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесі.

#### **А) интерактивті әдістемелерді сабақта қолдану.**

- Сын тұрғысынан ойлау технологияларын дамыту.
- Үлгілеу және сызбаға түсіру.
- Өнімді оқу технологиясы.

#### **Б) Дамыту үйірмелер сабағы**

*1 сынып – «Әліппеге саяхат».*

*2 сынып – «Жұмбақ кітапшалары».*

*3 сынып – «Әдеби кейіпкерлері» сабақтары.*

#### **Міндеттері:**

- Оқуға қажеттілікке тәрбиелеуде қуаныштың бастауын түсіну, жаңа білім, сезім мен күйзелуді сезіну;
- Қазақ, орыс, және шет ел әдебиеттері мазмұнын түсінуде тәрбиенің әсерлі де бейнелі болуы;
- Оқырманның мәдени тәрбиесі; оқуға, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; балалардың әдеби жанрлар туралы түсінігін қалыптастыру;
- Сөйлеуі мен қиялын дамыту;
- Оқудың игілікті жағдайын жузығу және жағымды әсер қалыптастыру;
- Төменгі сынып оқушыларының рухани-адамгершілік сапасын дамыту жағдайында әдеби шығармалар көмегімен әлеуметтік дағды мен тәжірибе қалыптастыру.

#### **В) «Кітап шеруі» шағын-жобасы**

##### **Бағдарлама аясында**

- сынып оқушыларының сүйікті шығармаларының 150-200 тізімін құру;
- сынып оқушыларының арасында қызықты кітаптармен алмасу;
- ұсынылған кітаптардың жыл бойына 50-100-ін оқу;
- таңдаулы шығармалар рейтингісін құру;
- оқу жылының аяғында «Кітап шеруі» акциясын өткізу.

#### **Г) Оқырман портфолиясы**

##### **Бөлімдер:**

«Мен қандай оқырманмын?».

«Ата-аналар парағы».

«Мен оқырманмын!».

«Мен оқыған 100 кітап».

«Еске түсіру белгісі».

«Мен – сыншымын».

«Мен - әшекейлеушімін».

Оқушылардың оқырман күнделігі еркін түрде жүргізіледі.

#### Д) Оқушының жобалық әрекеті

**Мақсаты:** оқырман қызығушылығы мен оқу сауаттылығын дамыту, алған білімін тереңдету, оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ашу, балалардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігін дамыту.

Зерттеу жобалары	Шығармашылық жобалары
Төменгі сынып оқушыларының оқу қалауы	Кітапты бейнелейміз
Халық ертегілеріндегі шындық пен аңыздар	«Табиғатты суреттейтін балалар жазушысы» презентациясын құру
Әдеби шығармалардағы қазақ батырлары мен орыс батырлар үлгілерін салыстыру	Сүйікті кітабыма жарнама
Біздің өміріміздегі мақал-мәтелдер	Сүйікті әдеби шығарма кейіпкеріне өз қолымен ескерткіш орнату
Менің отбасымның оқырмандық талғамы	Әдеби кейіпкерлер кеші
Орыс ертегілеріндегі атақты есімдер	

## 2. Ата-аналарды балалар оқуы мәселесіне тарту, бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру.

Кітап оқудың негізі отбасында қаланады. Оқу сапасының күрт төмендеуі қазіргі мектеп оқушыларының жеке тұлғасының дамуына кедергі келтіреді. Балаларының тағдырына алаңдаған ата-аналар ғана елімізді оқу арқылы ғана жетістіктерге жетіп, өзгерте алады.

### «Отбасымызбен бірге оқимыз» жобасы

- Диагностика мен анықтама оқырман дамуының негізі (сауалнама, тестілер, ата-анаға арналған сауалнамалар баланың оқырмандық дамуының деңгейін байқатады.
- Балалардың еркін оқуына арналған «Оқытудың сапасынан білім сапасына» бағдарламасы ата-аналар жиналысының топтамасын құрайды.
- «Анамның бағасы» әдісін пайдалану (үйдегі оқығанына ата-анасының қойған бағасы)
- Баланың оқырмандық қабілетінің дамуына арналған ата-аналар үшін әзірлемелер, жадынамалары.
- «Өсу деңгейі» мониторингісі (ата-анасының бақылауымен балалардың дербес жетістігін жасау.

- Ата-аналарға арналған «Оқу ашық сабағы».
- «Оқырман бенефисі» (қатысушының біреуінің пайдасы үшін қойылған спектакль) Балалардың дербес жетістіктерін көрсетуге арналған ата-ана мен оқушылардың бірлесуімен жасалатын акция.

### **3.Білім жүйесіндегі барлық қатысушылардың «Оқырман қарым-қатынас аймағын» кеңейту.**

**А) «Балалар кітабының апталығы»** акциясы жылына бір рет өтеді;

Осы аптада оқырман конференциясын, оқу сайысын, сахналық қойылымдар, әдебиет бөлмесі өткізу ұсынылады.

#### **Міндеттері:**

- оқушылардың оқырман қызығушылығын анықтау.;
- оқуға қажеттілікті қалыптастыру;
- еркін оқуға арналған әдебиеттерді таңдауға көмектесу;
- қазіргі ақпарат технологиясын пайдалану арқылы оқуға тарту;

#### **Б) «Оқырман фабрикасы» жобасы**

Жоба аясында

- 5 минуттық оқу және сөйлесу түрін өткізу (күніне 1 рет);
- ата-аналар сағатын өткізу (айына бір рет);
- кітапханадағы оқу сабағы (тоқсанына бір рет);
- әдеби сайыстар, сұрақ-жауап сайысы, жарыстар өткізу (жылына 2 рет);
- оқырман сапары (жылына 2 рет).

#### **В) «Кітап әуесқойы» атты мектеп қоғамы**

Оқушыларды, ата-аналарды, мұғалімдерді, жазушыларды, кітапхана қызметкерлерді, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін байланыстырады.

**Мақсаты:** кітапты насихаттау акциясын өткізу.

«Бәрін таста да, кітап оқуды баста» акциясы мектепте күнделікті жүргізіледі. Мұғалімдер, мектеп оқушылары 30 минут көлемінде әдеби кітаптарды оқиды. Бұл жұмысты үнемі, жүйелі өткізу керек.

«Әңгіме сағаты»: сынып жетекшісі сыныптан тыс сағатта аптасына бір рет өткізеді. Оқушылар апта бойы оқығандарын әңгімелейді, бұл тыңдай алу қабілетін дамытады. Сонымен қатар оқушылар оқығандарын шығармашылық жағынан түрлендіре алады,мысалы: әңгімелеу, сахналау, өлең түрінде айту, презентация дайындау, ролик, т.б. «Электрондық кітапхана». Сайтта «Оқуға ұсынамын» атты айдарын ашып, оқығандары жайлы өз пікірлерімен бөлісуге болады.

**Г) Ауданаралық, қалааралық тәжірибе алмасу үшін ашық есік күнін өткізу.**

**Д) Оқырман біліктілігін қалыптастыру бойынша әдістемелік әзірлемелер ұсыныстары.**

**Бағдарламаны тиімді өткізу шарттары:**

- оқыту барысында оқырманның түрлі қасиеттерін әдебиет және сыныптан тыс сабақтарда мақсатты, жүйелі түрде белсендіру керек;

- балалардың оқырмандық белсенділігі ынталандыру барысында әр түрлі әдістердің сыныптан тыс жұмыстарда, пәнаралық байланыста және сараланған шығармашылық жұмыстарда педагогикалық жағдайларды ұйымдастыру;
- жетекшілердің балалар оқуын қалыптастыру (мұғалімдер, кітапханашылар) сабақта балалардың шығармашылық оқу құзыретін дамытуда іскерлік және дағдысын ұйымдастыру, сыныпта және сыныптан тыс жұмыстарда оқу қызығушылығын арттыру;
- мақсатты түрде психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу үшін біріккен іс-әрекетпен балалардың оқу мүмкіндігін отбасылық жағдайда қарастыру.

**Балалар оқуын дамыту бағдарламасын қолдау, дамыту және жүзеге асырудағы  
«Оқу шаттығы» әзірлемесінің жоспары**

<i><b>Кезеңдер</b></i>	<i><b>Жұмыс мазмұны</b></i>	<i><b>Орындаушылар</b></i>
Бастапқы	Төменгі сынып оқушыларының оқуын дамытудағы мониторинг бағдарламасының әзірлемесі. Диагностикалық өлшеуіш құралдарын таңдау және оның әзірлемесі бағдарламаның жүзеге асуының тиімділігінің көрсеткіші және өлшемді анықтау.	
	Төменгі сынып оқушыларының оқырмандық зейінін диагностикалау. Оқырманның не ұнататын нақтылау.	
	Жасалған диагностика негізінде туындаған аймақтық мәселелерді айқындау.	
	Оқырман сауаттылығын арттыруға бағытталған оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын сұрыптау (қосымша 9).	
	Интерактивті әдістер мен оқыту технологиясын таныстыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған шеберлік-сабақ семинарларын өткізу.	
	Оқырманның сауаттылығы мен мәдениеттілігін дамыту бағытында 1-4 сынып арасында әр түрлі нұсқадағы үйірме, курстар бағдарламасының әзірлемесі.	
	Оқырман портфолиясы үлгісіне әзірлеме.	
	Ата-аналарға арналған жадынама	

	әзірлемесі.	
	«Оқу сапасынан білім сапасына» атты ата-аналар жиналысын өткізу.	
	«Оқырман фабрикасы» жобасының әзірлемесінің тәртібі.	
	Бағдарламаны жүзеге асырудың жылдық жоспары.	
<i>Енгізу (түзету және мақұлдау)</i>	Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру: 1 сынып – «Әліппеге саяхат»; 2 сынып – «Кітапша жұмбақтары»; 3-4 сынып- Әдеби кейіпкерлер сабағы.	
	«Кітапшеруі» шағын бағдарламасын жүзеге асыру.	
	2-4 сынып оқушыларының оқырман портфолиясын құруға бірлескен жұмысты ұйымдастыру ( <i>мұғалім+оқушы+ата-ана</i> ) Оқырман портфолиясы сайысын өткізу.	
	Оқырман конференциясын өткізу.	
	Балалар кітабының апталығы.	
	«Жоба шеберханасы» жұмысын ұйымдастыру (зерттеу, шығармашылықпен айналысатын оқушылармен жұмыс жасау әзірлемесі)	
	Желілік қоғам құру. Мектеп оқушыларының «Кітап әуесқойы» қоғамы. Заңнама әзірлемесі. Жұмысты жоспарлау. Акциялар өткізу.	
<b>Қорытындылау</b>	Алынған нәтижелерді жинақтау, қорыту және диагностикалау	

### **Бастауыш сынып оқушыларының оқу дамуының мониторингісі**

**Оқу дамуының мониторингісі** – бұл бақылау құрылымы төменгі сынып оқушыларының оқудағы алға жылжу сапасының тәуелділік белсенділігін байқатады.

**Мақсаты:** әр түрлі тиімді жұмыс әдістерін анықтау, оның бастауыш сынып оқушыларының оқу біліктілігін дамыту және оқу белсенділігінің өсуіне әсер етеді.

**Мониторинг кезеңдері:** диагностикалық, жоба және оны іске асыру, бақылау-бағалау.

А) **Диагностикалық кезең:** мониторингнің бастапқы кезеңі оқырманның даму көрсеткішін анықтайды (оқу техникасы мен оқу білім деңгейі, оқуға және кітапқа қызығушылығының деңгейі, белгілі бағыттағы кітапқа сұранысы).

- «Кітап менің өмірім» сауалнама (қосымша 1).
- «Білімділік деңгейі» кесте (қосымша 2).
- «Оқу техникасы» кестесі (қосымша 2).

**Б) Жобалау және іске асыру** – білгілі бір ықпал нәтижесінің әсер ету бақылау, оқушылармен жеке және жаппай жұмыс есебі, іс-шараларға белсенді қатысу, бағдарламаға қатысушылар.

- «Балалар оқуын дамыту және қолдау бағдарламасы бойынша іс-шаралар» кестесі (оқыған кітаптары туралы пікір жинағы, шығармашылық жұмыстары, жобалар, оқырман дамуындағы қиындықтарды, оны жеңу жолдарын анықтау) (қосымша 7);
- Оқуға, кітапқа қызығушылығын арттыру («Буккроссинг» әдістемесі) (қосымша 5);
- Белгілі бір топтың кітапқа қызығушылық деңгейі (қосымша 4);
- «Сын мұнарасы» әдістемесі (О.Громовадан)
- Оқу әрекетін пайдалану үшін жұмыс түрлері (қосымша 10)

**В) Бақылау-бағалау кезеңі** – бағдарламаның алдағы өзгерістерін талдау және болжау (сапалық талдау, сауалнама, сұрақнама, өткізілген іс-шаралар пікірі, шығармашылық жұмыстар, балалардың оқу іс-шараларына қатысуы, нәтижелігі, қорытынды іс-шаралардың рәсімделуі, бағдарлама бойынша шығармашылық жұмыстардың жинағын шығару) (қосымша 8).



## Оқу техникасы

Сынып _____	Негізгі пәндер			
Аты-жөні	Оқу жылдамдығы	Дұрыстығы	Саналығы	Мәнерлігі
Қорытынды				

## Оқу қиындығын анықтау

Оқудағы қиындық	Себепті анықтауға арналған әдістеме	Қиындық себебі: дамудың кемшіліктері	Дамытуға ұсынылатын жаттығулары
Оқығысы келмейтіндігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қадағалау</li> <li>- Оқыту тәсілін анықтау</li> <li>- Жеке ерекшелігі, әрекетінің қарқынын анықтау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Уәждемесінің жоқтығы</li> <li>- Оқу техникасы</li> <li>- Жұмысқа қабілеттілік</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқуға деген құлшынысын арттыру</li> <li>- Жадыда сақтау, назар аудару, көріп сақтау қасиеттерін кеңейту жаттығулары</li> <li>- дербес қабілетті балалар есебі, осындай балаларға арналған ұсыныстар</li> </ul>
Оқу жылдамдығының төмендігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жеке ерекшелігі, әрекетінің қарқынын анықтау</li> <li>- Пайымдай алуының деңгейі</li> <li>- Ой жорамалының дамуы деңгейі</li> <li>- Оқу қабілетін анықтау</li> <li>- Артикуляциясының даму деңгейі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әрекет қарқынына бақылай (баяулық)</li> <li>- Көру аймағы</li> <li>- Ой жорамалы</li> <li>- Оқу дағдысы</li> <li>- Артикуляция</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқу жылдамдығын түзету</li> <li>- Көру аймағын кеңейту</li> <li>- Ой жорамал дағдысын дамыту</li> <li>- Кемшіліктерді жою жұмыстары</li> <li>- Артикуляциясын дамыту</li> </ul>
Мәнерлеп оқиды	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ой жорамалының дамуы деңгейі</li> <li>- Талап пен үлгі бойынша бағдарлай алу икемділігі</li> <li>- Икемсіздік</li> <li>- Оқу тәсілін анықтау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқығанының мағынасын түсіну (жаттанды оқу)</li> <li>- Өзін-өзі бақылау (оқуға қойылатын талапты санамағанда)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәтінді түсініп оқуда анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары</li> <li>- Өзіндік бақылау және өзін-өзі реттеуін дамыту</li> </ul>



		Оқу техникасының дұрыс болмауы (оқыту тәсілінің дұрыс қалыптаспауы) -	- Ұғынуын дамыту
--	--	--	------------------

### Қосымша 5

#### Оқуға және әдебиет оқуға қызығушылығын дамыту («Буккроссинг» әдістемесі)

Сынып/ Кітап	Қызығушылық деңгейі				
	Қызығушылықтың жоқтығы	Сырттан қызығушылығының деңгейі	Сипаттау деңгейін қарастыру	Шектен тыс кітап оқу	Сыни бағалау деңгейі
2 сыныптар					
3 сыныптар					
4 сыныптар					

### Қосымша 6

#### Белгілі бір топтың кітапқа қызығушылығының деңгейі

Сыныптар	Анықтамалық-ақпарат топтар кітаптары	Адамгершілік-сезімталдық топтар кітаптары
2 сыныптар		
3 сыныптар		
4 сыныптар		

### Қосымша 7

#### Оқытуды дамыту және қолдау бағдарламасы бойынша әрекеттің негізгі бағыттары

	Оқырман сауаттылығын қалыптастыру	Балаларды оқыту мәселесін ұйымдастыруға ата-аналарды тарту	«Оқырман қарым-қатынасының аймағын» кеңейту
Қыркүйек			
Қазан			
Қараша			
Желтоқсан			
Қаңтар			

Ақпан			
Наурыз			
Сәуір			
Мамыр			
Маусым			

## Қосымша 8

### Оқуды дамыту және қолдау іс-шарасы

№ п/п	Іс-шара атауы	Қатысушылар тізімі	Жауапты	Нәтиже

## Қосымша 9

### Іс-шараларды өткізу бойынша ұсыныстар

#### 1. Оқуға шақыру

**Мақсаты** – уәждемелі мысалдар негізінде оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру

**Мазмұны:** ауыл/аудан/қала сыйлы адамдарымен (мысалы, жергілікті әкімшілік өкілі, актер, шебер спортшы, мектеп демеушісі, т.б.), мектеп оқушыларына өзінің оқу барысындағы өмірлік жетістіктерінің жағымды жақтарын, сүйікті кітабы мен өмірлік ұстанымынан айта алатындармен кездесу.

Мәжіліс залына барлық мектеп оқушылары жиналатын «Оқуға шақыру» іс-шараның ашылуын ұйымдастыруға болады. Қонақтардың сөз сөйлеуі жағдайы бастауды «шабыттандырады». Сыныпта не кішірек мәжіліс залдарында да өткізуге болады, бірақ міндетті түрде жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлінген оқушылар аудиториясы болу керек. Жоғары сынып оқушыларымен кездесу тақырыптары оқу рөлінің кәсіп таңдауда, алға қойылған игілікті мақсаттар жайлы, әлемді түсіну және тану жайлы болмақ. Ортаңғы сынып оқушыларымен шақырылған қонақтың өміріндегі маңызды кітап жайлы қызықты әңгіме болуы мүмкін. Төменгі сынып оқушылары үшін оның сүйікті кітабын оқу жайлы өткізуге болады.

Кездесудегі сөйлесулер еркін түрде жүргізілсе қатысушылар (ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер) өз пікірлерін білдіріп, сұрақ қоя алады.

#### Дайындықтың негізгі қадамдары:

1. Кездесетін қонақтар келесі талап шарттарына сай болуы керек: білімділік, ой-өрісі кең, мәдени деңгейі жоғары, атақты, тілді жақсы меңгерген, жас тыңдаушылармен тілдесе алуы керек.

2. Қонақпен кездесудің мазмұны мен уақытын келісу.

3. Қатысушыларды кездесуге дайындау: келетін қонақ туралы ақпарат және кездесу уақытындағы қойғысы келетін сұрақтар жинағы, қонақтың айтатын тақырыбына арналған коллажды дайындау.

#### Кездесу қойылымы мен әзірleme жоспары:

Іс-шараның өткізу орнын дайындау, сыныпты не кітапхананы әдеби қонақ бөлмесіне, әдебиет дәмханасына айналдыру.

Керекті техникалық жабдықтарды дайындау.

Жүргізушіні таңдау және дайындау.

## **2.«Ашық кітаптар»**

**Мақсаты** – өзіндік қабылдау негізінде оқушылардың оқуға деген уәжділігін дамыту. Көркем мәтіннің көркем сөз шебері немесе автордың орындауында тыңдау.

**Мазмұны:** әдеби оқуларды өткізудің түрлері:

Кітап авторымен кездесу (жазушы, ақын), автордың оқуымен шығармадан үзінді.

**Дайындықтың негізгі қадамдары:**

1. Байланысты орнату.
2. Қонақпен кездесудің мазмұны мен уақытын келісу.
3. Қатысушыларды кездесуге дайындау:
  - бағдарламаға кіретін шығарманы алдын-ала оқу;
  - шығарма авторының өмірбаянымен танысу;
  - кітапханада көрнекіліктермен көрме дайындау;
4. Кездесу қойылымы мен әзірлеме жоспары.
5. Іс-шараның өткізу орнын дайындау, сыныпты не кітапхананы әдеби қонақ бөлмесіне, әдебиет дәмханасына айналдыру.
6. Керекті техникалық жабдықтарды дайындау.
7. Жүргізушіні таңдау және дайындау.

## **3.«Парақтардан сахнаға»**

**Мақсаты:** Оқушылардың оқуға деген уәжділігін дамыту, олардың көркем мәтін негізінде шығармашылығын жүзеге асыру.

**Мазмұны:** Әдеби немесе әдеби-музыкалық концерт, қойылым.

Ересектер мен ата-аналар көрермен ретінде қатысады. Оқушыларға, ата-аналарға, бастауыш сынып мұғалімдеріне жоғары сынып оқушылары концерт немесе қойылым дайындауға болады. Жоба жұмысын жүзеге асыру дайындығында мектеп оқушылары мен мұғалімдердің мақсатты тобын айқындайды. Осы топтардың әрқайсысы өзіндік тапсырмаларын алады «Костюмерлер», «Суретшілер», «Сценарийші» және т.б.)

**Дайындықтың негізгі қадамдары:**

- әдеби шығарманы сахналау немесе концерттің тақырыбын таңдау;
- көрініс мәтінімен жұмыс немесе концерттің бағдарламасын дайындау;
- міндеттер мен тапсырмаларды және рольдерді бөлу;
- репетициялық барыс;
- костюмдерді дайындау, реквизит, декорация, жарнама, шақыру қағаздарын шығару және тарату;
- музыкалық сүйемелдеуді дайындау;
- техникалық жабдықтарды дайындау.

## **4. «Тыңдаңыздар!»**

**Мақсаты** - құрбылары, ересектер мен ата-аналарының орындауында көркем мәтінді тікелей қабылдау негізінде оқушылардың оқуға деген уәжділігін дамыту.

**Мазмұны:** үздік оқу сайысы.

**Дайындықтың негізгі қадамдары:**

1. Сайыстың тақырыбы мен оның ұранын анықтау.
2. Оқу сайысына қатысушыларды таңдау.
3. Әр қатысушыға таңдалған шығарма мен оның авторы туралы қысқаша ақпарат беру.
4. Сайыстың тақырыбы бойынша көрнекілік көрме дайындау.
5. Мектеп оқушылары мен ересектерден құралатын төрешілерді дайындау.
6. Төреші уақытын реттеу, сайыскерлерді бағалау өлшемін жасау.
7. Жеңімпаздарды марапаттау үшін мадақтамалар мен сыйлықтарын дайындау.
8. Сайыс өтетін орынды безендіру.
9. Жүргізушілерді таңдау және дайындау.

## 5. «Маған оқып берші!»

**Мақсаты:** оқушылардың әдеби кітаптарды оқуға деген қызығушылығын арттыру негізінде жоғары сынып оқушыларының жауапкершілігі және кішілерге деген қамқорлық жасау арқылы «отбасылық оқу» жағдайын жасау.

**Мазмұны:** әдеби оқу акциясы бойынша кітапханашы, ата-аналар, пән мұғалімдері, жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларына кітап оқиды.

Іс-шара бірнеше сыныпта өткізуге болады, кіші топтарда, тіпті жеке немесе жоғары сынып оқушылары мен төменгі сынып оқушыларының біріккен шығармашылық жұмыс түрімен аяқтауға болады. Мысалы, «Біз оқимыз және сурет саламыз» көрмесін ұйымдастыруда негіз бола алатын оқыған тақырыбы бойынша сурет салу, суреттеме альбомы жасау.

**Дайындықтың негізгі қадамдары:**

1. Іс-шараның түрін және оның мақсатты тыңдаушыларын анықтау.
2. Оқуға кітап таңдау.
3. Іс-шараның түріне қарай тыңдаушыларды және оқырмандарды бөлу.
4. Мектепте аталған іс-шараның жүзеге асуы үшін «жайлы ұя» жасау.
5. Жоғары сынып оқушыларын төменгі сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасауға психологиялық дайындау.
6. Бастауыш мектепте келесі «Сурет салу сағатына» қағаз, қарындаш, бояуларды дайындау.
7. Мектепте сурет көрмесін ұйымдастыру.

## • 6. «Оқырман ауқымындағы кітаптар»

**Мақсаты:** Балалар мен ересектердің қабілетін қалыптастыру үшін кітапқа деген ортақ қызығушылығының негізінде шығармашылық ынтымақтастығын құру.

**Мазмұны:** оқыған кітаптары туралы әңгіме немесе оқырман конференциясын құру.

**Дайындықтың негізгі қадамдары:**

1. Талқыланатын кітаптың немесе конференция тақырыбын таңдау.
2. Қатысушылармен жұмыс:
  - кітаптар оқу;
  - пікірталасқа, баяндамаға оқуға дайындалу;
  - көпшілік алдында оқығысы келетін үзінділерді таңдау.
2. Конференция тақырыбына байланысты мектеп кітапханасы мен басқа мектеп ғимараттарын безендіру.
3. Шығармашылық топпен жұмыс.
  - «Зерттеуші» топ кітап және оның авторы туралы қосымша мәліметтер жинайды;
  - «КВН» тобы кітап бойынша сұрақ-жауап сайысының көрінісін, мазмұнына байланысты сайыстар және марапатталушыға сыйлықтар дайындайды;
  - «Қоғаммен қатыстылар» тобы конференцияның ақпараттылығын қамтамасыз етеді, жарнама әзірлеу, қатысушылар мен қонақтарды шақыру, фото мен бейнетүсірілімді көрсетуді жүзеге асыру;
  - «Театр» тобы әдеби шығарманың көріністерінен үзінді дайындайды.
  - «Сценарийші» тобы конференцияның жалпы көрінісі мен жүргізушілерін дайындайды.

## Оқырман конференциясы.

Конференция – конференция-сабақ, жиналыс түрінде өтеді (ғылыми, оқырман, қорытынды). Кез келген конференция түріне тыңғылықты дайындық керек: тақырыпты анықтау және өткізу уақытын белгілеу, қатысушыларды хабардар ету, бағдарлама әзірлемесі, дайындыққа қажетті әдебиет тізімдері, пікірталас туғызатын мәселелерді тұжырымдау т.б.

*Оқырман конференциясын өткізу тәртібі:*

Конференцияға міндетті түрде барлық мектеп бірлестігі қатысуы керек: оқушылар, педагогтар, басшылар, ата-аналар.

Барлық қатысушылар құқықтары мен міндетті бірдей.

Әр қатысушы кітаптарды өздігінен таңдап және оны оқырман конференциясына ұсынады. Сөйлеушінің міндеті: кітаптың тартымдылығын көрсету, өзінің қалай оқығысы келетінін ұсыну.

Тыңдаушының міндеті – кітап туралы ақпаратты тыңдау, оқырман журналына жазбаны енгізу, жақын уақытта оқитын кітабын таңдау.

Конференцияның әр қатысушысының пікірі мен таңдауы ықылас пен сыйластыққа лайықты. Нашар кітап жоқ, тек көңілден шықпаған кітап қана бар.

Конференция бір кітап аясында немесе бір автордың бірнеше кітабы аясында өткізуге болады.

### **7.«Әдеби ойын»**

**Ойын – алдын-ала өткізу тәртіптері бар сайыс, жарыс.**

**Кез келген «кітап» ойындарын ұйымдастыру үлгісі.**

Ойын-сайыс келесі кезеңдерден тұрады: сұхбат, шолу, дауыстап оқу, кітап көрмесі, сұрақ-жауап сайысы, қолжазба кітаптары, салыған суреттер көрмесі.

Ойын барысында әлеуметтік жеке тұлғалық қалыптасады. Қатардағы қарапайым қабілетті бар балалардың өзін-өзі көрсету мүмкіндігі туады, оқырман «туындысы» шығады.

Ойын әдістері арқылы педагогикалық ықпал жасалады.

Ойын – баланың даму ықпалы, баланы әлемдік мәдениетке араластыру тәсілі, әлеуметтік-психологиялық тренингілер, т.б.

Әдеби ойындар түрі: сұрақ-жауап сайысы, әдеби аукциондар, кітапқа саяхат, әдебиетке, әдебиет кейіпкерлеріне, сайыстарға, әдеби жұмбақтарға саяхат.

*Кез келген іс-шараның реті:*

1. Тақырыпты таңдау.
2. Тақырыптарды іріктеу.
3. Көрме безендірілуі.
4. Кітаптар тізімі.
5. Сұрақтар құрау.
6. Сұхбаттар: балалармен, мұғалімдермен, ата-аналармен.
7. Кеңестер.

### **«Серіктес» іс-шарасы**

Жоғарыда ұсынылған іс-шараны серіктес-іс-шара түрінде өткізуге болады. дайындалған сабақтың алдында кітапханадаға түскен жаңа кітаптар туралы «Өзінің оқырмандарын іздеген кітаптар», сонымен қатар:

1. Өткізілген сайыстар нәтижесінде ұйымдастырылған көрмелер: көркем шығармадағы сүйікті

шығармалардағы суреттемелер көрмесі («Біздің не оқығанымызды көр!»).

Плакаттар көрмесі («Жақсы кітаптар оқыңыздар»).

Фотокөрме («Менің достарым оқиды», Менің сыныбым/Менің отбасым/ Біздің мектеп/оқиды).

Төсбелгі көрмелерін, кітап белгісі, ие таңба(эклибрис) («Мен оқырманмын!»)

2. Қабырға газеттерін немесе сайтты шығару және безендіру («Біз не оқимыз және қалай оқимыз?»).

3. Жеткіншектерге және балаларға арналған шығармаларға сұрақ-жауап сайысы.

4. «Мен ұсынамын!» акциясы. Мектеп оқушылары мектеп кітапханасынан өздеріне ұнаған оқыған кітаптарын жеке ұсынысқа белгілеп қоюы (акция сабақ барысында, тоқсан арасында немесе жыл бойына жүреді).

5. «Кітаптың алтын сөресі». Кітап түбіртегіне салынған өзінің сүйікті кітабын немесе оның атауы мен автордың атын сыныпта не кітапханада көрсету.

### **Кітап көрмесіне әдістемелік дайындық.**

Кітап көрмесі – оқырманға кітапты ұсынудың дәстүрлі түрі. Кітап көрмесінің негізгі мақсаты – оқырман назарын аудару, ол үшін безендірілуі өте ашық, есте қаларлықтай болу керек. Тәртіпке сай кітап көрмесі айға 2 апта қалғанда көрсетіледі.

Кітап көрмесінің нәтижелігі оның талап етілуімен (қажеттілігі және қажеттілігімен) анықталады. Көрменің негізгі түріне түскен жаңа кітаптар және оның тақырыбының өзектілігі жатады.

Кітап көрмесінің дайындық әдістемесіне келесі кезеңдер жатады: тақырып таңдау; оқырманның мақсатының анықтау; тақырыптың мезгілдік және кеңістіктік шекарасы; әдебиетті таңдаудың кеңдігін анықтау; көрмеге керекті әдебиетті таңдау;.

Әр баспаның шығу маңыздылығын және оның «көрмелік» сақталуы; көрменің тарау бөлімдері; дәйексөз бен суреттемелерді іріктеу; көрменің безендіру және орнатылуы.

### **Дәстүрлі емес көрмелерді қалай ұйымдастыру керек?**

Дәстүрлі емес көрмелерді ұйымдастыру кітапханада соңғы он жылдықта пайда болған.

Оқырманның әр түрлі қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне орай көрмені неғұрлым қызықты және тартымды өткізу керек. Ол үшін әр түрлі тәсілдер қолданылады. Соңғы кезде кітапхана тәжірибесінде кең қолданылып жүрген келесі дәстүрлі емес кітап көрмелерінің түрлері:

**Пікірталас-кітапкөрмесі** оқырманның белгілі бір тақырып бойынша қызу пікірталастыруы, дауласуы, өзіндік пікірін алға тартуға деген ықыласын туғызу, бұл көрмеде әдебиет туындаған мәселені әр түрлі көзқараста бейнеленуі. Көбіне мұндай көрмелер белгілі бір дәрежелі тұлғаға қатысты болады. Біржақты бағалауға болмайтын тарихи немесе саяси тұлғалар немесе белгілі бір тақырып аясында шешілмеген мәселелерге арналады.

**Сөздік-кітап көрмесі** белгілі бір термин мен түсініктердің мағынасын түсіндіруге арналған, сонымен бірге ол туралы қосымша ақпарат көрсету. Көрме тарау атаулары оның ұғымын анықтайды, сөздіктен алынған және жеке қағазға дайындалған дәйекті сөздер.

**Бір кітапқа арналған көрме** оқырманның белгілі бір кітапқа арналған қызығушылығын арттыру көптеген материалдарды қолдануымен кітап мазмұны мен мәнін ашады.

**Сұрақ-жауап сайысы көрмесі, сөзжұмбақ көрмесі.** Мұндай көрменің мақсаты – оқырман балалардың белгілі бір тақырып пен мәселе арқылы кітапқа қызығушылығын ынталандыру. Кітапханашы жауаптары көрмедегі кітаптардан табылатын сұрақтар ретін дайындайды. Бұл сұрақтар қағазға жазылып, көрмеге қоса қойылады.

**Диалог-көрме** – бұл сырттай сөйлесу, оқырман мен кітапханашының сырттай қарым-қатынасы. Оқырмандар сұрақтар қояды (алдын-ала), кітапханашы кітаптың көмегімен сұрақтарға жауап береді. Мұндай көрменің ерекшелігі ауызша тікелей қоюға ұялатын жасөспірім оқырмандар жас ерекшелікке байланысты психологиялық сұрақтарына жауап ала алады. Тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін.

**Ойын-көрме және лото-көрме** – ойын арқылы оқуға тарту. Мысалы, «Оқиық-ойнайық», «Оқимыз, ойнаймыз, жасаймыз», «Сүйікті кітабым – сүйікті ойыншығым» және т.б. көрме кітап кейіпкерлерінің ойыншықтарымен безендіріледі, көрмеде үстелде ойналатын лото ойын түрлері және т.б. болады.

**Қойылым-көрме** – жинақталған кітапханалық және музыкалық көрме. Тақырыпты терең түсінуге жағдай жасайтын көрмеге арналған бұйымдар мен керек-жарақтар өте көп болу керек.

## Оқу әрекетіне қолдануға арналған жұмыс түрлері

### 1. Белсенді оқу әдісі.

«Белгімен оқу» әдісі:

Мәтінді оқу барысында оқырмандарға белгі қойып оқу сұралады,

"V" – мұны мен білмеймін

"+" – бұл мен үшін жаңа дүние

"-" – мен керісінше ойлаймын

"?" – анықтау керек

"!!" – бұл мені қызықтырды, т.б.

**«Күрделі және жеңіл сұрақтар» әдісі.** Үлкен өмірге араласу үшін балаларды түрлі сұрақтарды қоюға көмектесу керек. Бірқатар жауаптарды алуға болатын жеңіл («тонкие»), сұрақтар сондай-ақ жауап беруге мүмкін емес күрделі («толстые») сұрақтар. Күрделі сұрақтар – бұл күрделі мәселелерге арналған сұрақтар, жауаптары бірдей емес жорамалды сұрақтар.

**«Кідіріспен оқу» әдісі.** Бұл әдіс оқу техникасының барлық мазмұнын қамтиды:

1-саты – шақыру. Балалар тақырып атауы мен автор туралы мәліметтен мәтін мазмұнының не туралы екендігін аңғару керек.

2-саты – ұғыну. Мәтіннің бір бөлігімен танысқан оқушылар мәлімет туралы өзіндік ұғымын алға тартады. Бұл әдістің ерекшелігі келесі кезеңге өткізетін «Ары қарай не болады, не үшін?» сұрағын туындатады.

3-саты – рефлексия. Қорытынды әңгіме. Бұл сатыда мәтін тағы да бір тұтастықты көрсетеді. Оқушылардың бұл жұмыс түрі әр түрлі болуы мүмкін, мәселен, хат, пікірталас, бірлесе іздену, мақал-мәтел таңдау, шығармашылық жұмыс.

Мұндай мәтінмен жұмыс түрі мәтінді талдай алуын жетілдіреді. Жеке элементтердің байланысын айқындайды, өзіндік ой-пікірін айта алуы, түсіну мен ойын қорытуын дамытады.

#### 1. Бұрынғы алынған білімін белсендіру әдісі:

«Байланыс» әдісі.

Оқушыларға сабақтың тақырыбы оқылып және сұраққа жауап беру ұсынылады:

- Сабақта не айтылуы мүмкін?
- «---» сөз тіркесін естігенде қандай байланыс сезіледі?
- Оқушылар барлық байланыстарды тізіп шығады. Айтқандарын мұғалім тақтаға не қағазға жазып отырады.

**«Кілт сөздер» әдісі.** Тақырыпты айтқаннан кейін оқушылар берілген сөздерден шағын әңгіме немесе сөйлем құрау ұсынылады. Олар бұрын алған білімдерін тақырыпты меңгеруге, өзіндік болжамын жасауға, алдағы өзінің жұмыс мақсатын айқындауға пайдаланады.

**«Олай емес» немесе «Барлығына ортақ ойыны».**

«Олай емес» мынаған оқытады:

1. біртұтас суретке түрлі деректемелерді байланыстыру;
2. қолдағы бар ақпаратты жүйелеу;
3. сыныптастарын тыңдау алу.

### 3. Оқу материалын ұйымдастыруға арналған бағаналық әдістер.

**«Кластер құру» әдісі.**

Кластер сабақтың әр түрлі сатысында қолдануға болады.

Шақыру сатысы - ой әрекетін ынталандыру.

Ұғыну сатысы – оқу материалына ынталандыру.

Рефлексия сатысы - оқушылардың оқығанын қорытындылау барысында қолданылады.

### **«Логикалық шатасқан шынжырлар» әдісі**

Тақтада дұрыс және қате жазылған дәйек сөздер беріледі, оқушылар оқып «+» белгісін қай жерге қою дұрыс деп тапса, сол жерге қояды, «-» белгісін қате деп санаған жерге қоя алады.

### **4. Оқушылардың шығармашылығын талап ететін әдістер:**

#### **«Синквэйн» және «Диаманта» әдісі.**

Алгоритм бойынша жазылған өлең - сабаққа қолданылатын қызықты әдістің бір түрі. Бұл жан-жақты әдісті тек қана әдебиет сабақтарына ғана емес кез келген пән сабағына қолдана беруге болады.

#### **«Түрлі жазу» әдісі.**

Бұл әдіс психологиялық суреттер дерексіз түсініктерді тануға мүмкіндік береді, көру бейнесі арқылы ішкі әлемді танытады.

#### **«Бес минуттық эссе» әдісі.**

Бұл жазба тапсырмасы сабақ соңында өткен тақырыбын тұжырымдауға көмектеседі. Бұл әдіс негізі келесі сөздермен айтуға болады: «Мен не ойлайтынымды түсіну үшін жазамын». Бұл еркін жазба тапсырмасы өзіндік бағалауы, жеке тұлғалығын, пікірталастығын, өзіндік мәселесін шешуінде көмегі тиеді. Эссе сыныпта мәселені талқылағаннан кейін, сол сынып бөлмесінде 5 минут көлемінде жазылады.

### **5.Топтық жұмыста қолданылатын әдістер мен тәсілдер:**

**«Сын тұрғысынан ойлаудың алты қалпағы».**«Алты қалпақ» негізіне қатар ойлау ойы жатады. Дәстүрлі ойлау айтыстың, пікірталастың және туындаған ой негізінде қолданылады. Жарыспалы, қатар ойлау – бұл әр түрлі көзқарастардың тоғысуы.

«Алты қалпақ» - бұл қарапайым және тәжірибелік қабілет ой процесін алты түрлі тәртіпке бөлуде ұқсас қиындықтарды жеңуде пайдаланылады.

Мақсаты: оқушылардың жалпы білім жүйесінде сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуда қамтамасыз ету.

**«Оқу ми шабуылы».**«Оқу ми шабуылы» негізгі мақсаты – шығармашылық ой түрін дамыту. тақырыпты таңдау, өткізу тікелей туындаған мәселеге байланысты түрлі нұсқада болады.

**«Айналаға хат» әдісі.** Топтық жұмыс түрі ұсынылады. Балаларға берілген тақырыпты тұжырымдап қана қоймайды, топ пікірімен келіспеушілігін танытады.

### **6. Таңбалау кестесі:**

**«Білемін - білгім келеді - білдім».** Бұл кестемен жұмыс. Тақырыпты меңгеруде шақыру кезеңі қолданылады. Оқушыларға жұппен жұмыс істеу ұсынылып, ақылдаса отырып, тақырып бойынша 1- бағанның «Мен не білемін» кестесін толтырады. Бұл сабақ не сабақтан тыс әрекеттегі бұрын алынған белгілі бір ақпарат болуы мүмкін.

Бұдан кейін «Не білгім келеді» сұрағы қойылады. «Білгім келеді» бағанасы толтырылады және тұжырымдалады.

Рефлексия кезеңінде шақыру кезеңіне қайта оралады. Бірінші бағанадағы айтылғандарды екінші бағанның жауаптарымен салыстырады. Қажет болған жағдайда «Білдім» бағанасын жеке толтырады.

**«INSERT кестесі немесе белгімен оқу»** әдісі. Бұл «өзіндік белсендіру» белгі жүйесі оқудың тиімділігін және ойлауын дамытады.

### **Оқу техникасымен жұмыс**

1. Балалардың оқуға деген сүйіспеншілігін ояту керек.
2. Сөздік қорын үнемі толтырып отыру керек. Сонда балалар сөз мағынасын түсініп, олардың оқуға қызығушылығы артады.
3. Мәтінді алдымен мұғалім оқу керек, ол мәтінді сауатты және сезіммен оқуы керек.
4. Оқу барысында балаларды асықтыруға болмайды. Әр оқушының оқу қабілетін ескеріп отыру керек.
5. 1 сыныпта оқушы сынып алдында жеке оқытумен сұрауға болмайды.



6. Үй тапсырмасы шығармашылық тұрғыда болу керек. Өткен материал бойынша сурет салу, аппликация жасау, жұмбақ, мақал-мәтел жаттау.
7. Ата-аналарға балаларға қысқа әңгімелер мен ертегілер оқуды сұрау керек. Неге жануарлар туралы оқу керек? Балаларға жануарларды суреттеу, олар туралы сөйлем құрау оңайырақ болады. Сонымен қатар, оқығанын сыныпқа ыждаһаттана айтып береді. Оқуға деген қызығушылық - оқу техникасының жоғары деңгейі.
8. Оқуды математика мен ана тілі сабағымен ауыстыруға болмайды.
9. Сөйлеуін дамыту сабақтарында талқылауға және ауызша жауаптарды анықтауда түзетуді қолдануға болады.
10. 2 жарты жылдықтан бастап 1 сынып оқушылары кітапхана кітаптарын оқу керек.
11. 2-3 сыныптан бастап ата-аналар газет-журналдардан мақалалар оқып, талқылау керек.
12. Үйге көлемі үлкен мәтіндерді оқуға беруге болмайды. Үйде сабақтағы меңгерген материалдарды оқуға беру керек. Тұтас, көлемді мәтіндерді оқытумен баланы шаршатуға болмайды.
13. Үнемі шығармашылық жұмыстармен жұмыс жасату керек. Балалар кейіпкерлер туралы өзіндік ойларын білдірумен бірге, олардың орнында өзі болса не істеуге болатынын айтқызу керек.
14. Үнемі таңдау оқуларын жүргізіп отыруы керек.
15. 3 сыныпта да хормен оқуды үзбек керек. Сыныппен, жұппен, жеке оқыту керек.
16. Әдеби сұрақнама жарыстары немесе оқу сайыстарын өткізу керек.
17. Бір тақырыпқа арналған түрлі авторлардың кітап және сурет көрмесін өткізу керек.
18. «Күз», «Қыс», «Көктем», «Жаз» тақырыптарына арналған суреттер құрастырту керек. Онда балалар өлең үзінділері мен классик ақындарының әңгімелері мен портреттерін орналастыра алады.
19. Әңгімелер мен өлеңдерді сахналау.
20. Ата-аналарды шақырумен түрлі әдеби-музыкалық кештер ұйымдастыру.
21. Мұғалімдер оқушыларға жақсылықты насихаттайтын классикалық шығармалар мен халық ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жайлы кітаптарды көбірек оқып беру керек.

### **Оқу техникасын жетілдіру жаттығулары**

1. Дыбыс жаттығуы. Артикуляциямен жұмыс жаттығуы кіретін дыбыс жаттығулары, жаңылтпаштар жаттату.
2. «Фотокөз»: Көзбен «фотоға» түсіру арқылы бағанадағы сөздерді оқып, керекті сөзге жауап береді.
3. «Артық сөзді тап» әдісі оқушының сөзді тұтас оқуына көмектеседі.
4. «Спринт» оқуы әдісінде таныс емес мәтінді оқып, сұраққа жауап іздейді. Тісі мен ернін қыса отырып оқиды. Бұл әдістің мақсаты жаңылтпаштарды оқуға бейімдеу.

Профессор И. Т. Федоренко көзбен көру диктанты әдісін оқу техникасын жетілдіруге қолдануға болады. Әр 18 жинақтың ішінде 6 сөйлемнен болады. Тақтаға бір жинақтың 6 сөйлемі жазылады. Парақты жайлап төмен түсірумен сөйлемдер біртіндеп көрінеді. Ал балалар осы сөйлемдерді есте сақтауға тырысады. Белгілі бір берілген уақыттан соң тақта сүртіледі және оқығандарын параққа жазу ұсынылады. Бір жинақтағы 6 сөйлемге 5-тен минут кетеді.

Шульте кестесі де көру қабілетін жақсы жетілдіреді. Жұмыс 10 секунд жүргізіледі. Әр оқушыда карточка болады, әр карточкада 1-ден 10-ға және 1-ден 20-ға және 2-3 сыныпта 1-ден 25-ке дейінгі сандар жазылады. Кестемен жұмыста жадынамалар қолданылады:

1. Қарындашпен мүмкіндігінше тезірек барлық сандарды көрсетіп, айтып шық.
2. Бірінің қасында бірі жазылған екі-үш сандарды еске сақтауға тырыс.
3. Есте сақта: көз кестенің тура ортасына қарағанда оны тұтас көреді.

## Кітап оқыту қоры

1. Адамның есте сақтауы үнемі көз алдындағы емес, кейбір қалт еткен көріністерді сақтап қалады. Сондықтан да балалардың білімін дағдылы әрекет түріне көтеру үшін күн сайын белгілі бір аралықта аздаған жаттығулар жүргізіліп тұруы керек.

2. Жартылай дауыстап оқу.

Жартылай дауыстап оқу - бір мезгілде барлық балалардың жартылай дауыстап оқуы.

3. Күн сайынғы бес минуттық оқу.

Әр баланың алдындағы партада кітап жатуы керек (белгімен әдеби кітаптар). Кез келген сабақтың алдында, мейлі ол математика, еңбек, ана тілі болса да балалар сабақ бастар алдында 5 минут бойы кітапты оқып, содан соң арасына келген жеріне белгісін салып жауып қояды. Әрі қарай кәдімгі сабақ өте береді.

Сабақ алдындағы 5 минут. Күніне 4 сабақ, Аптасына 5 күн.  $5 \times 4 \times 5 = 100$  (минут) = 1с.40мин.

4. Ұйықтар алдындағы оқу.

Соңғы көріністер есте сақтау қабілетке әсер етеді. Ұйықтап жатқан 8 сағат бойы ол сол әсермен болады. Организм соған үйренеді.

1. Егер бала оқуды ұнатпаса оған «әйеншек» оқуы керек. Негізінде егер бала оқығысы келмесе, оны оқығанда қиындықтарға ұшыратады.

«Әйеншек» оқуы - бала бір екі жол оқығаннан кейін аздап дем алып қайта оқуы. Бұндай тәртіп баланың жалықпауына жағдай жасайды. Шаршаса, әрі қарай ата-ана оқуы керек.

### Оқу техникасына арналған ойындар.

1. Соңғы әріпті табуға көмектес».

Жабдықтары: әріптер кассасы және буындар.

Ойын сипаттамасы: мұғалім тақтаға екі бағанға сөздің басы мен соңғы әрпін жазады.

АҒА        Ш

АЛМ        А

АРБ        А

ЕСІ        К

Мұғалімнің шақыруымен балалар тақтадағы сөздің басы мен соңғы әрпінен құралған сөзді оқиды.

2. Буын мен сөз

Ойын сипаты: мұғалім тақтаға үш әріптен құралған буын мен сөздерді сөздерді жазады.

Балалар мүмкіндігінше тезірек материалды оқып, дәптерлеріне тек сөздерді жазады.

3. Әр сөзге сенің буының.

Ойын сипаты: мұғалім сөзді атайды, балалар алдыңғы буынды анықтайды немесе әріптер кассасынан керекті карточканы көрсетеді.

Жабдығы: әріптер кассасы мен буындар.

4. Бөлінген сөзді ұста.

Ойын сипаты: тақтадағы бағанға 4-5 сөз жазылады. Әрқайсысының қасында көлденеңнен сол сөздің өзі және әріп құрамына ұқсас бірнеше сөздер жазылады. Шақырылған оқушы сөзді оқып, көлденең жазылған сөздер арасынан тауып, шеңберлеп белгілейді.

Мысалы: АРА            апа, ана, ара, аға, пана

5. Сөз бе сөз емес пе?

Жабдықтары: Сөздік материалына құрылған буын сөздер кестесі

Ойын сипаты: Мұғалім сөздер мен кез келген әріптерден құралған мағынасыз сөздер жазылған карточкасын көрсетеді. Балалар оқи отырып оның сөз не сөз еместігін айтады.

2. Кезекші әріп.

Мұғалім әріптерді көрсетіп, балалар хормен оны оқиды. Мұғалімнің белгісі бойынша баспа әріптерімен осы әріптен басталған сөздерді жазады. 2-3 минуттан соң мұғалім белгісі бойынша аяқтатады. Кім көп сөз жазса, сол жеңімпаз.

7. Сөзді тап.

Тақтада үш бағанға сөздер жазылады. Тақтаға шақырылған оқушы мұғалімнің айтқан сөзін бағаннан табуы керек.

### **8. Сөздерді таңда.**

Жабдықтары: Сөздер карточкасы.

Ойын сипаты: Жинақталған бөліктерге екі бағанда сөздер жазылады. Біріншісінде зат есімдер, екіншісінде сын есімдер. Мағынасына қарап сөз тіркесін құрау керек.

КІТАП	ҚАЛЫҢ
ОРМАН	ҚЫЗЫҚТЫ
АҒАШ	ДӘМДІ
ТАМАҚ	БИІК

Тақтаға шақырылған оқушы жұп сөздер құрайды: кітап қызықты, орман қалың, ағаш биік, тамақ дәмді.

### **9. Не өзгерді?**

Ойын сипаты: тақтада жұппен жазылған сөздер беріледі. «мысалы: аға-ана, шана-пана, асық-қасық». Тақтаға шақырылған оқушы жұп сөздерді оқып, біріншіге қарағанда екінші сөздің мағынасының өзгергенін түсіндіреді.

### **10. Қатені табамыз.**

Ойын сипаты: сөйлемде жануарлардың қате дыбысталу әрекеті жазылады. Сиыр ұшады, ит мияулайды, әтеш мөңірейді, құс шақырады, т.б. Шақырылған оқушы қатені тауып, дұрыстайды. Дұрыс құрылған сөйлемді сынып хормен оқиды. Қатемен жұмысты әрі қарай келесі оқушы жалғастырады.

### **11. «Найзағай» оқуы.**

Ойын сипаты: тақтада жазылған 4-5 сөз шымылдықпен жабылады. Мұғалім 4-5 секунд ашады да қайта жабады. Мұғалім тақтада жазылған бағандағы оқылған сөздерді ретімен атайды.